



Түзілетін карбенийлік ион бастапқы алкан молекуласынан гидрид-ионын үзеді:




Ары қарай реакция тізбекті жолмен дамиды. Түзілген карбений ионы шамалы карбокатиондарды және газ тәріздес  $\beta$ -олефиндерді түзумен қатар  $\beta$ -ыдырауға ұшырайды. Сонымен қатар карбенийлік иондардың изомерлену реакциялары бір уақытта өтеді. Изомерлену гидрид-ионды ауыстыру жолымен (зарядтың изомерленуі), сонымен қатар метиланионды ауыстыру арқылы да өтеді. Изомерлену кезеңінде бөлінетін жылу ыдыратуға жұмсалады. Түрлену мына сұлба бойынша өтеді:



Иондарды изомерлеудің жоғары жылдамдығы біріншілікті карбокатионды ыдырату өнімі - этиленді өте аз мөлшерінде түзуіне әкеледі.

Қаңқалық изомерлену көмірсутек қаңқасы тармақталған өнімдерді береді:



Экзотермиялық изомерлеудің және эндотермиялық  $\beta$ -ыдыраудың кезектесуі 3-5 сутек атомдарын құрайтын карбокатиондарды түзуге дейін жалғасады. Бұл иондарды изомерлеудің